

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3985 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 15 наурыздағы N 194 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3985 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3985 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3985 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 28, 156-құжат; 2000 ж., N 17, 168-құжат; 2003 ж., N 45, 486-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы ережеде:

8-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің инвестиция мәселелерін қадағалайтын көмекшісі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Кеңестің шетелдік тараптан құрамына байланысты мәселелерді қарау мақсатында Кеңестің шетелдік тараптан құрамын реттеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады, оның құрамы Кеңестің жалпы отырыстарында бекітіледі.";

14 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"жұмыс органы" деген сөздер алынып тасталсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшалардағы "қатысуын", "беделін", "маңыздылығын", "қызметін", "дайындығын", "қатысуын", "ұсынымдарын ескереді" деген сөздер тиісінше "қатысуы", "беделі", "маңыздылығы", "қызметі", "

дайындығы", "қатысуы", "ұсынымдары ескеріледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "міндеттерін" деген сөзден кейін "және экологиялық сипаттағы міндеттерін" деген сөздермен толықтырылсын;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Өтінімдерді жұмыс органы олардың келіп түсу кезектілігі тәртібімен қарайды және олар осы Ереженің 13 және 14-тармақтарында белгіленген өлшемдерді қанағаттандырған жағдайда Комиссияның қарауына шығарылады.";

5 - т а р а у а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

6-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кеңестің шетелдік тараптан құрамын реттеу жөніндегі комиссия

17. Комиссияның негізгі міндеті Кеңесті өзіне жүктелген міндеттерді тиімді орындауға барынша ықпал ететін құрамда қолдау болып табылады.

18. Комиссия қазақстандық тараптың төрт өкілінен және шетелдік тараптың үш өкілінен тұрады.

Қазақстандық тараптан Комиссия мүшелері лауазымы бойынша мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары (Комиссия төрағасы), Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі, Кеңестің жұмыс органының бірінші басшысы (Комиссия хатшысы).

19. Комиссия отырыстары кемінде жылына бір рет өткізіледі. Комиссияның шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады.

20. Кеңестің шетелдік мүшелерін шығару немесе ауыстыру туралы мәселені қарау кезінде мыналар назарға алынатын болады:

1) Кеңестің шетелдік мүшелерінің Кеңестің жалпы отырыстарына жеке қатысуы;

2) Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының қызметіне Кеңестің шетелдік мүшелерінің тұрақты өкілдерінің жеке және белсенді түрде қатысуы;

3) Кеңестің шетелдік мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын с а қ т а у ы ;

4) Кеңестің шетелдік мүшелерінің Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына, бірінші кезекте Қазақстан Республикасының экономикасын әртараптандыру жөніндегі шараларды іске асыруға қатысуы.

21. Кеңестің құрамына шетелдік тараптан жаңа мүшелерді қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының басымдықтарына сәйкес келетін салалардағы қызметті жүзеге асыратын халықаралық ұйымдар мен шетелдік компанияларға артықшылық беріледі.

21-1. Комиссияның ұсынымдарын ескере отырып, жұмыс органы Қазақстан Республикасының Президентіне Кеңестің шетелдік тараптан құрамы бойынша ұсыныстар қалыптастырады.";

2 2 - т а р м а қ т а :

3) және 4) тармақшалар алынып тасталсын;
мемлекеттік тілдегі мәтінде 4) тармақшадағы "сақтамауы" деген сөзден кейін ";"
белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Комиссияның ұсынымдары";

23-тармақтың үшінші абзацындағы "басшысы" деген сөзден кейін "немесе басқа
жоғары лауазымды тұлға" деген сөздермен толықтырылсын;

29-тармақтың бірінші абзацындағы "инвестициялық саясат мәселелерін
қадағалайтын" деген сөздер алынып тасталсын;

32-тармақтың 1) тармақшасындағы "және оның" деген сөздер ", Кеңес пен
Комиссияның" деген сөздермен ауыстырылсын;

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі
туралы ережеге қосымшада:

5-тармақтағы "Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі жобалардың тізбесін қоса
алғанда," деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Кеңестің бірлескен жұмыс топтарының қызметіне қатысу.";

9-тармақтағы "міндеттерін" деген сөзден кейін "және экологиялық сипаттағы
міндеттерін" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақта "қызметкерлердің" деген сөзден кейін "және олардың біліктілігін
арттыру жөніндегі іс-шаралардың" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті